

**«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі» РМҚК және
«Балалар-жасөспірімдер туризм және өлкетану орталығы» КММ
арасындағы туризм саласындағы
ынтымақтастық туралы
МЕМОРАНДУМ**

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі» РМҚК атынан бұйрық негізінде әрекет етуші директордың ғылыми жұмыстары жөніндегі орыңбасары **Тастанбеков Мурат Мейрбекович** (бұдан әрі—Тараптар деп аталатын) және Балалар-жасөспірімдер туризм және өлкетану орталығы «КММ» атынан Жарғы негізінде әрекет етуші **Жузжасарова Раушан Заманхановна** (бұдан әрі— Тараптар деп аталатын) туризм саласындағы ынтымақтастықты нығайтуға және одан әрі дамытуға ниеттене отырып, туризмді дамытуға мықты және тиімді жәрдемдесуді кұруға ниетін бөлісе отырып, осындай ынтымақтастық олардың ортақ мүддесіне қызмет ететіндігіне, мәдени және әлеуметтік дамуын нығайтуға ықпал етеді деп есептей отырып, туризм индустриясын дамыту үшін, қолайлы жағдай жасау қажеттілігін алдыңғы қатарға қоя отырып, өңірде және жалпы республикада бәсекеге қабілетті туристік саланы кұру ниетін басшылыққа ала отырып, төмендегідей шарт жасасты.

1-бап

Осы Меморандумның мақсатына жету үшін Тараптар:

- 1) ақпараттармен алмасуға;
- 2) туризмді дамыту және келіссөздер жүргізу салаларындағы іс-әрекетті үйлестіруге;
- 3) өзара түсіністік негізінде Тараптар өз кұзіреті шегінде туризм саласында ұзақ мерзімді және жан-жақты қарым-қатынасты дамытуға, сондай-ақ ішкі және кіру туризмін реттеуге және үйлесімді дамытуға жәрдемдесуге;
- 4) туристік имиджді қалыптастыруға, туристік өнімдердің және көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартуға, инвестиция тартуға, туризм саласындағы мамандардың біліктіліктерін арттыруға, тұрақты туризмді дамытуға бағытталған өңірлер мен республикада туристік іс-шараларға, сондай-ақ шетелдердегі іс-шараларға қатысуға ниет ете отыр.

2-бап

Тараптар өз кұзіреті шегінде мыналарға:

- 1) тараптардың бәсекеге қабілетті туристік саланы кұру жөніндегі бастамаларын іске асыруға ақпараттық қолдау көрсетуге ниет етіп отыр.
- 2) ағымдағы жағдайды, проблемаларды, оларды шешу жолдары мен туристік саланы дамыту перспективаларын қоса алғанда өңірдегі туризм саласының жағдайы туралы маңызды ақпараттарды беруге;
- 3) туристік қызмет саласындағы кәсіпкерлікті дамыту және қолдау, шағын және орта бизнес субъектілеріне мемлекеттік қолдаудың кұралдары туралы ақпарат беруге.
- 4) Туристерді тарту мақсатында бірлескен экскурсиялық маршруттар кұру
- 5) жинақтар, брошюралар, буклеттер, видео роликтермен алмасу және бірлесіп шығару.

3-бап

Осы Меморандумның ережелерін түсіндіруге және қолдануға қатысты тараптар арасындағы барлық даулар мен келіспеушіліктер екі жақты келіссөздер мен консультациялар жолымен шешіледі.

4-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Меморандумға оның ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

5-бап

Осы Меморандум ешқандай қаржылық міндеттемелерге әкелмейді.

6-бап

Осы Меморандум қол қойылған күннен бастап күшіне енеді, белгісіз мерзімге жасалады және Тараптардың бірі екінші Тараптың оның қолданысын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламасын алған күннен бастап 1 (бір) ай өткенге дейін күшінде болады.

7-бап

Осы Меморандум Түркістан қаласында 2019 жылы «20» 02, екі данада, әрқайсысы қазақ тілінде жасалды, бұл ретте барлық мәтіннің күші бірдей.

Тараптар қолдары:

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі» РМҚК

Балалар-жасөспірімдер туризм және өлке тану орталығы «КММ»

Мекен-жайы:

ҚР, Түркістан обл, Түркістан қаласы

Тәуке хан даңғылы, 282А-үй.

Тел.: 8-7253-33-00-23.

e-mail: (WWW.azretsultan.kz)

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі»

РМҚК директорының ғылыми

жұмыстары жөніндегі орынбасары

Директор м.а.  Тастанбеков М.М.

«20» ақпан 2019 жыл



Мекен-жайы: Түркістан обл. Түркістан қаласы Ғ.Мусрепов көшесі: №3 Тел: 3-15-10

8(725)33 3-15-10

turizmortalik@mail.ru

Директор  Жузжасарова Р.З.

«20» ақпан 2019 жыл

